

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ**

Заң факультетінің Ғылыми
Кеңесі мәжілісінде
БЕКІТІЛГЕН

№ 7 хаттама «20» «06» 2013 ж.

Факультеттің деканы

з.ғ.д., профессор _____ Байдельдинов Д.Л.

«__» _____ 2013 ж.

Мамандық: 5В030100 «Құқықтану»

Пәннің аты «Қылмысты саралау негіздері»

1 курс қазақ бөлімі, сырттай, 2 семестр (көктемгі), кредит саны 3

Модульдің пәндерін жүргізетін оқытушылар туралы **МӘЛІМЕТ**

Дәріс жүргізушінің Т.Е.Ә: Акболатова Марал Елтаевна

Телефон: 87077133317

e-mail: makbolatova@mail.ru

каб: 421, 417

Модульдің МАЗМҰНЫ:

Білім беру бағдарламасының мақсаттары, міндеттері:

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің Жалпы және Ерекше бөлімдерге бөлінуіне орай қылмыстарды саралаудың жүйесін екіге бөліп қарастырамыз.

Жалпы бөлімнің қылмыстық құқық нормалары жалпы қағидаларды, түсініктерді және институттрады қарастырады, қылмыстық жауаптылық пен жазаны қолданатын негіздер мен шектерді бекітетін негізгі ұғымдарды анықтайды, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босататын тәртіпті және шарттарды айқындайды. Жалпы бөлім нормаларында қылмыстық құқықтың негізгі түсініктері – қылмыстық заң, қылмыс, жаза ұғымдары сияқты мәселелер реттелінеді.

Бұл арнайы курстың **мақсаты** біздің қоғамымызда жасалып жатқан әр түрлі қылмыстар туралы толық түсініктер алуға мүмкіндік береді, сонымен қатар оның көмегімен Қылмыстық кодекстің нақты тарауы мен бабын анықтау арқылы қылмысты дұрыс саралай алу. Пәннің негізгі **міндеттері** болып табылады:

Бакалаврлардың заңи ойлау қабілетін дамыту, тәжірибелік сұрақтар мен жағдайларды шешуде ғылымның ролі мен студенттердің шынайы да әділ квалификация жүргізе білуіне үйрету, қылмыстық құқық нормаларын нақты өмірде қолдану қабілетін арттыру мен «ҚР Қылмыстық құқығы: Жалпы және Ерекше бөлім» пәнін оқу барысында алған теориялық білімдерін ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік сипаттағы қаулыларының ережелерімен сәйкестендіре отырып практикалық тұрғыда бекітуді көздейді.

«Қылмысты саралау негіздері» пәннің мақсаты бакалаврлардың қылмыстық құқықтың жалпы бөліміндегі жасалған нақты қоғамға қауіпті әрекетті, белгілі бір қылмыстық-құқықтық нормаға сәйкестендіріп, қайсыбыр қылмыстардың түрлерін саралаудағы қиындықтарды шеше білуді үйрету болып табылады.

«Қылмыстық саралау негіздері» пәнінің негізгі міндеттері:

Бакалаврға практикалық шешімдері шығаруда, алған білімдерінің маңыздылығын түсіне білуді, өмірде болған нақты оқиғаларды белгілі бір қылмыстық-құқықтық нормаға сәйкестендіруде құқықтық білікті ойдау қабілеті мықты болып, теориялық білімдерін тереңдетуге мүкіндік беретін арнайы курс.

Алдыңғы реквизиттер: ҚР Конституциялық құқығы, Мемлекет және құқық теориясы, ҚР қылмыстық құқығы (Жалпы бөлім), ҚР қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім), ҚР қылмыстық іс жүргізу құқығы.

Соңғы реквизиттер: Криминология, Құқықтық статистика.

ПӘННІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Аты	Тақырыптың аталуы	Сағат саны	Бағасы
	1 модуль		
1	1 Дәріс: (Кіріспе дәріс). Қылмыстарды саралаудың ұғымы мен маңызы. 1 Тапсырма: Қылмыстарды саралаудың ұғымы мен маңызы.		20
2	2 Дәріс: Саралаудың түрлері мен ерекшеліктері. Қылмыстарды саралаудың әдістемелік және ғылыми негіздері. 2 Тапсырма: Саралаудың түрлері мен ерекшеліктері. Қылмыстарды саралаудың әдістемелік және ғылыми негіздері.		20
3	3 Дәріс: Қылмыстарды объектісі және объективтік жағы бойынша саралаудың маңызы және проблемалық сұрақтарды ашу. 3 Тапсырма : Қылмыстарды объектісі және объективтік жағы бойынша саралаудың маңызы және проблемалық сұрақтарды ашу.		20
4	4 Дәріс: Қылмыстарды субъектісі және субъективтік жағы бойынша саралау. 4 Тапсырма: Қылмыстарды субъектісі және субъективтік жағы бойынша саралау.		20
	2 Модуль		
5	5 Дәріс: Нормалардың бәсекелестігі бойынша қылмыстарды саралаудың ұғымы, бәсекелестіктің		

	түрлері және саралаудың ережелері. Нормалардың бәсекелестігі бойынша проблемалық сұрақтарды ашу. 5 Тапсырма: Нормалардың бәсекелестігі бойынша қылмыстарды саралаудың ұғымы, бәсекелестіктің түрлері және саралаудың ережелері. Нормалардың бәсекелестігі бойынша проблемалық сұрақтарды ашу.		20
6	6 Дәріс Қылмыстардың көптігі бойынша қылмыстарды саралаудың ұғымы және оның түрлері. Саралаудағы проблемалық сұрақтарды ашу. 6 Тапсырма: Қылмыстардың көптігі бойынша қылмыстарды саралаудың ұғымы және оның түрлері. Саралаудағы проблемалық сұрақтарды ашу.		20
7	7 Дәріс Қылмысқа қатысу бойынша қылмыстарды саралау. Қылмысқа қатысушылардың жауапкершілігінің ерекшеліктері. 7 Тапсырма: Қылмысқа қатысу бойынша қылмыстарды саралау. Қылмысқа қатысушылардың жауапкершілігінің ерекшеліктері.		20
8	8 Дәріс: Жеке адамға қарсы қылмыстарды саралау. 8 Тапсырма: Жеке адамға қарсы қылмыстарды саралау.		20

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

1. Ағыбаев А.Н. ҚР қылмыстық құқығы Алматы, 2004
2. Алауханов Е.Ж., Рахметов С.М. ҚР Қылмыстық кодексіне түсініктеме Алматы, 2002
3. Алауханов Е.Ж. ҚР Қылмыстық құқығы Алматы, 2003
4. Апенев С.М: Қылмыстарды саралаудың ғылыми негіздері Алматы, 2006

Қосымша әдебиеттер:

1. Александрова Н. Теоретические основы квалификации преступлений. Учебное пособие. 2011г.
2. Савельева В.С. Основы квалификации преступлений. Учебное пособие. 2013г.

Пәннің академиялық саясаты

Жұмыстардың барлық түрлерін көрсетілген мерзімде жасап тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған немесе 50 пайыздан кем балл алған студенттер бұл тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта жасап тапсыруына болады.

Бағалау кезінде студенттердің сабаққа белсенділігі мен сабаққа қатысуы ескеріледі.

Толерантты болыңыз, яғни өзгенің пікірін сыйлаңыз. Қарсылығыңызды әдепті күйде білдіріңіз. Плагиат және басқа да әділетсіздіктерге тыйым салынады. СӨЖ, аралық бақылау және қорытынды емтихан тапсыру кезінде көшіру мен сыбырлауға, өзге біреу шығарған есептерді көшіруге, басқа студент үшін емтихан тапсыруға тыйым салынады. Курстың кез келген мәліметін бұрмалау, Интранетке рұқсатсыз кіру және шпаргалка қолдану үшін студент «F» қорытынды бағасын алады.

Аралық бақылау 1+2. Қорытындысы 200 балл

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	% мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз
I (Incomplete)	-	-	Пән аяқталмаған <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
P (Pass)	-	-	«Есептелінді» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
NP (No Pass)	-	-	«Есептелінбейді» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
AW (Academic Withdrawal)			Пәннен академиялық себеп бойынша алып тастау <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
AU (Audit)	-	-	« Пән тыңдалды» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
Атт-ған		30-60 50-100	Аттестатталған
Атт-маған		0-29 0-49	Аттестатталмаған
R (Retake)	-	-	Пәнді қайта оқу

**Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу,
криминалистика кафедрасының
меңгерушісі з.ғ.д., профессор**

Лектор

Джансараева Р.Е.

Акболатова М.Е.